

№ 10 дәріс
Экономикалық
әлеуметтану



Дәрістің жоспары:

1. Экономикалық әлеуметтанудың пайда болуы, объектісі мен пәні.
2. Экономикалық әлеуметтанудың негізгі категориялары.
3. Экономика және өндіріс әлеуметтік институт ретінде.

Экономика (лат- ойко номос, үй шаруашылығын жүргізу)

- Материалдық игіліктерді өндірумен және бөлумен айналысатын қоғамның саласы;
- Аталмыш шара шеңберінде жүзеге асырылатын әлеуметтік және іс-әрекет қатынастарының жүйесі;
- Аталмыш сала шеңберіндегі қарым қатынастар мен даму заңдылықтарын зерттумен айналысатын ғылымның саласы.
- Экономикалық әлеуметтану – экономика саласы мен экономикалық қатынастардың әлеуметтік жағын зерттейтін ғылым

- Экономикалық әлеуметтану дербес ғылым ретінде ХХ ғасырдың ортасында АҚШ-та пайда болды;
- Өндірістік қатынастарға экономикалық факторлармен қатар адами факторлар да әсер етеді.
- Экономикалық әлеуметтану экономиканы онда әрекет етуші топтардың белсенділігімен, олардың мүдделерімен, мінез-құлқымен және өзара әрекеттесуімен дамитын әлеуметтік процесс ретінде қарастырып, сипаттайды.

- Экономикалық әлеуметтанудың объектісі – қоғамның экономикалық саласы.
- Экономикалық әлеуметтанудың пәні:
 1. Әлеуметтік құрылымның элементтері ретіндегі экономиканың әлеуметтік қатынастары, байланыстары мен құрылымы.
 2. Қоғам мүшелерінің экономикалық әрекеттері мен экономикалық мінез-құлқы.

- Экономика саласындағы әлеуметтанулық зерттеудің негізгі салалары:
- Экономикалық институттардың эволюциясы;
- Экономикалық және кәсіби стратификация мен мобильділік, экономикалық теңсіздік проблемалары;
- Адамдардың әлеуметтік қатынастары мен экономикалық мінез-құлықтарының типтері;
- Экономикалық сана мен ойлаудың элементтерінің (құндылықтары, стереотиптері мінез-құлық модельдері);
- Экономикалық ұйымдардың құрылымы;
- Кәсіпкерлік пен бизнес формаларының әлеуметтануы;

- *Экономикалық әлеуметтанудың міндеттері* – экономикалық құбылыстар мен процестердің әлеуметтік интерпретациясы;
- Әлеуметтік және мәдени факторлардың нақты бір қоғамның экономикасына әсер етуін зерттеу.

Экономикалық әлеуметтанудың негізін қалаушылар:

- **Огюст Конт** индустриалды қоғам теориясы мен өнеркәсіптің адам мен мәдениетке ықпал етуін зертеуді дамытады. Өнеркәсіптің дамуы адамның өмір сүруін жақсартып қана қоймай, тұлғаны өзгертіп, әлеуметтік тәртіпті бұза да алады.
- **Карл Маркс**, «жаттану» терминін енгізеді. Ол адамдар өз табиғаты бойынша азат, қатынасқа және жасамапаздыққа бейім деп санайды. Алайда, олар бұл қасиеттерден таптық қоғамда айырылады. Бұл **қосымша құнға** байланысты өзгереді.

- **Герберт Спенсер** назарын әлеуметтік даму мен әлеуметтік эволюция мәселелеріне аударды.
- **Фердинанд Тённис** *Gesellschaft* (заманауи қоғам) *Gemeinschaft* (дәстүрлі қоғам) қоғамдарын салыстырады.
- **Э.Дюркгейм** шешуші рольді жеке меншікке, бәсекеге, еркін кәсіпкерлікке емес, адамдардың ынтымақтастығы мен бірігуіне, әлеуметтік қатынастар мәдениетіне, әлеуметтік ұйымшылдыққа береді.

■ **Макс Вебер**, «дәстүрлі»
қоғамды «капиталистік»

қоғамға қарсы қояды.

Капитализм бұл – “пайданың
соңына ұдайы түсу” мен “еркін
жұмыс күші нарығының тиімді
ұйымдастырылуы”.

Экономикалық әлеуметтанудың негізгі категориялары:

1. **Жалпығылыми категориялар** – құрылым, жүйе, қызмет, тұрақтылық, өзгергіштік, даму және т.б.
- 2) **Жалпы әлеуметтік категориялар**, өзге әлеуметтік ғылымдардан алынған.
 - Экономикалық теориядан – нарық, өндіріс, тұтыну, бөлу, меншік, бәсеке, айырбас және т.б.
 - Философиядан – қоғамдық сана, қоғамдық қатынастар, заңдылықтар, мәдениет.

- Әлеуметтік психологиядан – ұжым, тұлға, мотивация, идентификация;
 - Жалпы әлеуметтанудан – әлеуметтік қатынастар, топтар, ұйымдар, институттар, әлеуметтік құрылым және стратификация және т.б.;
- 3) ***Арнайы категориялар*** – экономикалық әрекет, шаруашылық мотивация, экономикалық стратификация, экономикалық мүдделер, стереотиптер, келісім-шарттық қатынастар және т.б.

Экономикалық-әлеуметтік адамның моделі:

- Адам – тәуелсіз. Ол жеке қалаулары бойынша өз бетінше шешімдер қабылдай алады.
- Адам – менмен, эгоист. Ол тек өз мүддесін ойлап, өз пайдасын көбейтуге ұмтылады.
- Адам - рационалды. Ол қойған мақсатына ретімен жетеді, жету құралдарын есептеп алады.
- Адам - хабардар. Ол өз қажеттіліктерін және оларды қанағаттандыруға мүмкіндік беретін жолдарды да жақсы біледі, онан хабардар.

Экономикалық жүйелердің типтері:

- Дәстүрлі жүйе – барлық әрекеттер рулық дәстүрлерге сүйеніп, құндылықтар туыстық принциппен бөлінеді;
- Жоспарлы жүйе (Әкімшіл-әміршіл жүйе) – әрекеттердің барлығы жоғарыда нұсқалып, құндылықтар жоспарлы түрде бөлінеді;
- Нарықтық жүйе – еркін бәсекеге, сұраныс пен ұсыныстарға негізделген жүйе;
- Аралас жүйе – нарық заңдарына сүйенетін, бірақ, мемлекеттік реттеуді қажет ететін жүйе.

Экономика және өндіріс - әлеуметтік институт ретінде:

1. Қызметтері:

- Экономикалық, материалдық қажеттіліктерді қанағаттандыру;
- Әлеуметтік стратификацияның негізін қалау;
- Қондырма моделін анықтау;
Яғни, қоғамның саяси, әлеуметтік, мәдени, құқықтық сала салалары мен әрекеттері экономикалық БАЗИСКЕ қондырылған ҚОНДЫРМА ретінде құрылады.
- Экономикалық жүйенің тиімді моделін анықтау;
- Оның мүшелерінің экономикалық мінез-құлқын анықтау;

МЕКЕМЕЛЕРІ:


- Өндіріс мекемелері (завод, фабрика, цех, мануфактуры және т.б.);
- Бөлу мекемелері (рынок, магазиндер, сауда орындары);
- Қаржы мекемелері (банктер, кассалар);


Тұрақты мүшелері:

- Басқарушылар;
- Өндірушілер;
- Бөлушілер;
- Тұтынушылар;
- Еңбек бөлінісіне сай басқа да мүшелері

Символика:

- Валюта;
- Логотип, эмблема
- Өнім маркасы, сапа белгісі және т.б.





Нормативтік негіздері:

- Дәстүрлі нормалар;
- Мемлекет заңдары;
- Мекеме жарғылары мен ережелері;

